



АЗАМАТТЫҒЫМНЫҢ АРҚАУЫ – ҚАДЫР АҚЫН

Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен облыстық мәдениет басқармасы 2012 жылдың желтоқсан айында Қадыр Мырза Әліні еске алу шарасын өткізуді жоспарлады.

Басқарма басшысының орынбасары Жанат Құрамысова хабарласып, данышпан ақын Қадыр Мырза Әлінің ойшылдығын, парасат-пайымын, шығармашылығының сан қырын өз дәрежесінде айшықтау үшін шараны қандай форматта өткізген дұрыс деген тұрғыда ақылдасты. Жастайымнан Қадыр ақынның өлеңдерін жаттап қана қоймай, әр шығармасын зерделеп, жүрек сүзгісінен өткізіп, ой марқайтар әрбір тіркестері мен бір дастанның жүгін арқалап тұрған шумақтарын ұстанымымның тізгіні, азаматтығымның арқауы етіп, Сыр өңірінде Қадырдың шығармаларын менен артық білетін жан жоқ деген сенімде жүрген мен үшін бұл оңтайлы сәт еді. «Қадекеңнің тірі кезінде шығармашылық кешін өткізу мүмкіндігі бұйырса деген арманым болатын. Еске алу кешін өзім жүргіземін және кештен кейін сырттан келетін қонақтарға, жергілікті азаматтарға дастархан жаямын» дедім.

«Қазақ поэзиясының Қадыры» атты еске алу кеші Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапхананың 120 орындық залында өтті. Кешке Алматыдан ақынның зайыбы Салтанат, ақын атындағы қоғамдық қор директоры Донеңділ Қажымов пен оның зайыбы Гүлнар Дәукенова, қоғамдық қор құрылтайшысы, кәсіпкер Мадияр Алдоңғаров және облыс әкімінің орынбасары Ырзақұл Нұртаев, мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. «Ұзатылып кеткен қызың сияқты» деп өзі айтқандай Қадекеңнің сөзіне жазылған әндер шырқалды. Көрерменді елжіреткен, балқытқан, тарихтан сыр шерткен күйлер де орындалды. Сыр жырауларының мақамымен Әбдірейім Өміров он

бір буындық өлең жолдарын «гөй-гөйіне» салып жан тебірентті. Көрерменді Қадыр жырларымен сусындатып, көсем сөздерін, көркем сөздерін тұздық ете отырып көсіле сөйлеп, асыра айтып өзім де рахаттандым. Көптен көкейде жүрген бір арманым орындалып, жаным жай тапқандай болды.

Әдеби кешті үйде жалғастырдық. Бұл арада белгіленген сценарий жоқ, аттың басын жібердім. Дастархан үстінде Донеңділ: – Сәпен ағайдың бүгінгі еске алу кешін жүргізгеніне бәріміз тәнті болдық, Қадыр Мырза Әлі атындағы қоғамдық қордың әр аймақта қолдаушылары болуы керек, осы ретте аға келісімін берсе, Қызылорда облысындағы қоғамдық қордың арнайы өкілі деп белгілесек, – деген ұсыныс айтты. Кейінірек Алматыға барған бір сапарымда «Қадыр Мырза Әлі атындағы қоғамдық қордың өкілі» деген куәлікті Донеңділ мен Гүлнар Дәукенова екеуі табыстады. «Қадыр Мырза Әлі жайлы шығарма жазу қолымнан келмейді, не істеуім керек?» деген тұрғыда ойланып, ел аузында айтылып жүрген, баспа бетінде жарық көрмеген әңгімелерді ел аралап жүріп, қона жатып жинастырып қағазға түсірдім. Оларды Қадыр ақынның жыр шумақтарымен, түйін тіркестерімен көмкеріп, 2013 жылы қысқа әңгімелер мен хикаяттардан тұратын «Болмыс» атты шағын кітабымды шығардым.

2015 жылдың 9 қаңтарында Алматыдағы Ұлттық кітапханада өткізілген Қадекеңнің 80 жылдығына арналған шараға қатысып сөз сөйледім. Орал қаласында салынған «Қадыр Мырза Әлі атындағы өнер орталығының» және ғимараттың алдына

орнатылған Қадыр ескерткішінің ашылу салтанатына қатысып, Қызылорда облысының әкімі Қ.Е. Көшербаевтың құттықтауын табыстадым. Ертеңіне ақынның туған жері Жымпитыда болып, Қадырдың жігіт кезіндегі бейнесі сомдалған тікесінен тік өлең оқып тұрған ескерткіштің ашылу салтанатын тамашаладым. Осы тойда Қадырды оқытқан тоқсан жастағы анамен – ұстазымен жолығып, сәлемдесіп: – Қадырдай дара данышпанға дәріс берген Сіз бақытты жансыз деп, қолының сыртынан сүйдім. Бұл да бір есте қаларлық, айта жүрерлік сәт болды деп түйдім. Тағы бір айрықша есте қаларлық сәт, өзім қажет деп тапқан, жоспарлаған бір жұмысым: қазақ өлеңінің Қадыры атанған, найзағай ақынның анасы Мағыраштың басына бару болатын. Қадекеңнің жары Салтанат, ұлы Қазбек және немерелерімен бірге асыл ананың бейітіне барып құран бағыштадық. Анасына қойылған құлпытастағы: – «Бала боп қызық көрмеген, Баладан қызық көрмеген, Байдан да қызық көрмеген, Қайдан да қызық көрмеген, Дүниеден өтті бір пенде» деген жазу әркімді де ойландырары хақ.

Биыл Қадыр Мырза Әлінің қайтыс болғанына және ақын атындағы қоғамдық қордың құрылғанына 10 жыл. Қадыр ақын шығармаларының насихатталуы бір сәтке де толастаған емес. Ұлт тәрбиешісі болған Қадырдың қуатты жырлары қазақтың жүрегінде. Қадыр Мырза Әлі атындағы қор, оның жетекшісі Донеңділ Қажымов, құрылтайшылары мен демеушілері бірлесе атқарған жұмыстарға халық риза. Ақынның аруағы да риза шығар деген ойдамын.

Сәби (Сәпен) АҢСАТ,

*«Қадыр қорының»
Қызылорда облысындағы өкілі*